

«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Бекенова Жумагул Нурдаулетовнаның «Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі заманғы адамзаттың басым бөлігі басынан кешіп отырған цифrlандыру процесі қоғам мен адам өмірінің барлық дерлік салаларындағы өзгерістердің қарқынын арттырып, жаңа технологиялардың әлеуметтік мәдени кеңістікті әртараптандыруға ықпал еткені белгілі. Цифрлық қоғамда адамның өмір сүруінің жаңа парадигмасы ерекше функционалды жүйе ретінде дамып, осы жүйедегі адамның орны туралы мәселе өткір болып отыр. Цифrlандыру – қазіргі қоғам дамуындағы зандалық. Цифрлық экономика, цифрлық ақша, цифрлық мәдениет, цифрлық коммуникациялар, виртуализация, киберкеңістік және т.б. жаңа әлеуметтік шындықтың негізгі элементтері. Цифрлық қоғамда заманауи адамның өмір сүруінің жаңа парадигмасының ерекше функционалды жүйе ретінде дамуымен осы жүйедегі адамның орны туралы мәселелер өткір екені анық.

Ақпараттық кеңістікке әлеуметтік-философиялық талдау жасап, жан жағынан қарастырған енбектер өте көп. Жумагул Бекенова ұсынып отырған диссертациялық жұмыста цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесіне ден қойып, мәнін ашады. Бұл жұмысты аталған мәселелеге бағытталған еліміздегі алғашқы философиялық зерттеу деуге болады. Цифрлық технологиялардың даму жылдамдығы мен деңгейінің жоғарылауымен жауапкершілік те арта түсетіні анық. Адамның өзгелердің программа, алгоритмдеріне бағынышты болу қаупі бар цифрлық қоғамда, жауапкершілік мәселесі өте өзекті деуге болады. Сонымен қоса, қазіргі замандағы жасанды интеллекттің маңыздылығы, үлесінің артуы, виртуализация мәселелерін жауапкершілік феноменімен қатар философиялық талдау, тақырыптың өзектілігін арттыра тусаді.

Диссертация жоспары тақырыпты ашуға бағытталған, бір-бірімен логикалық байланысты екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда, цифрлық қоғамдағы жауапкершілікті зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері анықталып, цифрлық қоғамның қалыптасу тарихы және негізгі ұғымдары, оның жаһандану жағдайында даму параметрлері, қоғам мен тұлға болмысының ерекшеліктері қарастырылады. Екінші тарауда цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі жан-жақты зерттелініп, цифрлық этика және оның негізгі принциптерінің мәні ашылады. Тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі – цифрлық қоғам дамуының негізгі шарты ретінде тұжырымдалады. Қазақстанда цифрлық қоғамның қалыптасуы, дамуы және перспективалары атты тарауша отындық философия ғылымында бүрін соңды баяндалмаған жаңа материалдарды қамтиды, соңғы тараушада цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін ұлттық құндылықтар негізінде дамыту туралы идеялармен толықтырылады. XXI ғасырда Қазақстанда жаңа басқару мәдениеті қалыптасуда. Оның негізгі мәні: ақпарат, білім, ғылыми жобалау, әлеуметтік модельдеу. Осының арқасында

медиамәдениет қоғам мен мемлекет, индивид пен билік арасындағы деддал қызметтін атқаруда. Тәуелсіз ел ретінде әлемдік ақпарат кеңістігіне енген қазіргі танда жалпы бұқаралық ақпарат құралдарына деген теориялық және практикалық көзқарас өзгерді. Диссертация тақырыбының проблемалық өрісі пәнаралық сипатта ие. Әлеуметтану, психология, мәдениеттану салаларындағы тұжырымдар назардан тыс қалмады.

Еңбектің ғылыми-теориялық деңгейі жоғары. Жумагул Бекенова тақырыпты зерттеу барысында философияның тарихи-философиялық, герменевтикалық, аксиологиялық, диалектикалық әдістерін қолданған. Нәтижесінде диссертация мазмұны толық ашылған, ғылыми жетекшілер мен ізденуші қойған мақсат-міндеттер орындалған. Жалпы, диссертациялық жұмысты тың мәліметтерге сүйеніп жазылған зерттеу деп санауға болады. Докторант зерттеу жұмысында қойылған мақсаттар мен міндеттерге нақты дәлелдер келтіріп, ғылыми деңгейде дәйекті нәтижелерге қол жеткізген.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мемлекеттік мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқының жеделдегу және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзак мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбекейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылатыны мәлім. Диссертацияның практикалық маңызы, зерттеу барысында қол жеткізген тұжырымдарды бағдарлама аясында жүзеге асып жатқан іс-шараларға ұсыныс ретінде жолдауға болады. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары, келтірілген тұжырымдар, философиялық пайымдаулар, түсіндірмелер, салыстырмалы талдау нәтижелері – ұлттық философиямызды, ұлт мәдениетін, этика, т.б. пәндерді оқытуда және жалпы философиялық мәселелер қызықтыратын көпшілік оқырман қауымға пайдалы бола алады.

Диссидент тақырып бойынша ізденіс жүргізу барысында ғалымға тән үқыптылық, еңбеккорлық, жаңалыққа ашықтық, ғылымға адалдық сияқты қасиеттерді көрсете білді. Ол докторантурадан өту талаптарының берін табысты түрде жүзеге асырды, шетелдік кеңесші Петер Муурсепп ұстаздық ететін Таллин Технологиялық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, диссертацияға қажетті материалдар жинады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми базылымдарды жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 9 мақала жарық көрді. Оның ішінде КР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда – 4 («Адам әлемі», «Әл-Фараби», «Қарағанды Университетінің Хабаршысы» «ҚазҰУ Хабаршысы»); ғылыми практикалық конференцияларда – 4, Scopus журналдар базасына кіретін «Taltech Journal of European Studies» журналында 1 мақала жарияланды. Сонымен қатар, бірнеше ғылыми, ғылыми - практикалық конференцияларда диссертация тақырыбы бойынша баяндама жасады.

Корыта айтқанда, Бекенова Жумагул Нурдаuletovның «Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған, алдына қойған міндеттерді орындаған ғылыми-теориялық және практикалық деңгейі жоғары, отандық ғылымға қосар үлесі мол еңбек деп бағалап, «8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия
кафедрасының доценті

 Амиркулова Ж.А.

